**«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Атбасар қаласының № 7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**

**Бекітемін**
**Мектеп директоры:**
______________ Н.Алкенова

***2025/2026 оқу жылы***
***"Жас құтқарушылар" үйірмесінің***
***жұмыс жоспары***

***Үйірме жетекшісі: Бугабай Акжол***

***2025ж***
***Атбасар қаласы***

## Мазмұны

"Жас құтқарушылар" үйірмесі оқушылармен мен жүргізілетін сабақтан тыс жұмыстың ең әсерлі, тәрбиелік мәні бар түрі. Жақсы ұйымдастырылған "Жас құтқарушылар" үйірмесі оқушыларды ұжымдық жұмыстарға қызығушылықтарын арттыра түседі. Өзінің ғана емес өзгелердің өміріне жауапты екендігін түсінуге көмектеседі.

Ал "Жас құтқарушылар" мүшелері жетекшіге көмекші болып табылады. Үйірмеде сабақтан тыс жұмысты жоспарлау сабақ аптасына 2 сағаттан барлығы 20 сағат өтеді.

**Бөлімдер:**

Бейімдік бағыт негізгі 3 бөлімнен тұрады.

1. Техникалық қауіпсіздік ережелері.
2. Жұмысты жоспарлау.
3. Жұмыстың нәтижесін анықтау.



## "Жас құтқарушылар" үйірмесінің мақсаты мен міндеттері

"Жас құтқарушылар" үйірмесі оқушылармен жүргізілетін сабақтан тыс жұмыстың ең әсерлі, ерекше бір тараған түрі. Жақсы ұйымдастырылған "Жас құтқарушылар" үйірмесі оқушыларды бірлестікке, жолдасына сенімдікке, жауапкершілікке үйретеді. Олардың физикалық қабілеттерінен басқа логикалық ойлау қабілетін арттыратын үйірме.

Үйірме жұмысына жазылатын оқушылардың көбісі жауапкершілікті өзіне ала алатын, физикалық қабілеті жақсы дамыған, епті балалар.

Үйірме қатысушылары қоршаған ортаға бейқам қарамайтын, кез-келген мәселеден шешім таба білетін оқушыларға арналған десек те болады. "Жас құтқарушылар" үйірмесіне неғұрлым күрделі мәселелерге арнап баяндамалар жасалады. Атап айтқанда адам өмірін, қоршаған ортаны қорғау туралы байланысты.

Үйірменің негізгі мақсаты оқушылардың күнделікті өмірде кездесетін қауіпсіздіктерді өз білімімен шешу; тәжірибелік білімін тереңдету, теориялық білімін тәжірибеде ұштастыру, үйірме жұмысының қорытынды нәтижесін көрсету.

## «ЖАС ҚҰТҚАРУШЫ» ҮЙІРМЕСІНІҢ ЖОСПАРЫ

| № | Іс-шаралар | Сабақтар түрі | Өткізілетін уақыт | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Жолда жүру ережесімен таныстыру. ТЖ байланысты жаттығулар | Лекция | Қыркүйек | Бугабай А. |
| 2 | 1.Табиғи апаттар, олардың туындау себептері мен салдары. 2.Табиғи апаттар кезіндегі адамдардың іс-қимыл тәртібі | Лекция | Қазан | Бугабай А. |
| 3 | 1.Әр түрлі ТЖ кезінде адамның тірі қалуының негіздері және әдістері. 2. Төтенше жағдай (ТЖ) — адам өміріне қауіп төндіретін жағдайлар | Әңгіме | Қараша | Бугабай А |
| 4 | 1.Оқушыларды мектептің эвакуациялау жоспарымен таныстыру. 2.Мектеп ғимаратынан оқушыларды эвакуациялау тәртібі. | Практика | Желтоқсан | Бугабай А |
| 5 | 1.Күнделікті өмірде туындаған әр түрлі жағдайлар кезінде алғашқы дәрігерлік көмек көрсету. 2.Құтқарушының алғашқы дәрігерлік көмек көрсету құралдары. | Лекция | Ақпан | Бугабай А |
| 6 | 1.Тұрмыстық сипаттағы төтенше жағдайлар 2.Тұрмыстық сипаттағы ТЖ кезіндегі адамдардың іс-қимыл тәртібі. | Лекция | Наурыз | Бугабай А |
| 7 | 1.Дене даярлығы дайындығы. 2.Жалпыдене даярлығы. | Практика | Сәуір | Бугабай А |
| 8 | 1.Салауатты өмір кеңінен дәріптеу 2.Төтенше жағдайлардың туындауы мен қауіп төнген кезінде жеке және ұжымжық қауіпсіздік мәселесіне саналы және жауапты көзқарасты қалыптастыру | Практика | Мамыр | Бугабай А |




***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. *Э.И.Крупицкий «Слесарь ісі.»;*
2. *Связь трудового обучения с основами наук*
3. *Интернет ресурс.*

## «ЖАС ҚҰТҚАРУШЫ»
### үйірмесі құрамы

| № р/с | Оқушылардың аты-жөні | Сынып |
|---|---|---|
| 1 | Жарденбек Азамат | 11«а» |
| 2 | Наухан Ерасыл | 11 «а» |
| 3 | Сайлауов Алдияр | 11«а» |
| 4 | Кайдаров Ерасыл | 11 «а» |
| 5 | Дәуіт Қожа Ахмет | 11 «а» |
| 6 | Нұрғали Алихан | 11 «а» |
| 7 | Рахметов Ілияс | 11«а» |
| 8 | Әділбек Нұргиса | 11 «ә» |
| 9 | Айпкалиев Дидар | 11 «ә» |
| 10 | Кокенов Нуртас | 11 «ә» |



## «Жас құтқарушы» клубының (үйірмесінің) жұмысын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар

### 1-тарау. жалпы ережелер

1. Осы әдістемелік ұсынымдар «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабының 3-тармағы іске асыру үшін әзірленді. Олардың негізгі міндеттері:

тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі мәселелері бойынша қажетті білім деңгейін, авариялық-құтқару жабдығы мен өрт сөндіру құралдарын пайдалану дағдыларын, төтенше жағдай туындаған жағдайдағы дұрыс іс-қимылдарды меңгеру;

құтқару ісінің негіздерін меңгеру, төтенше жағдайларды жою бойынша, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету бойынша біліктер мен дағдыларды қалыптастыру;

балалар мен жастар арасында салауатты және қауіпсіз өмір салтын насихаттау;

жеке және ұжымдық қауіпсіздік мәселелеріне саналы және жауапты көзқарасты қалыптастыру.

### 2-тарау. жалпы білім беретін мектепте «Жас құтқарушы» клубын (үйірмесін) ұйымдастыру негіздері

2. «Жас құтқарушы» клубтары (үйірмелері) тұрғылықты жері бойынша жалпы білім беретін мектептерде, балалар үйлерінде, мектеп-интернаттарда (бұдан әрі - білім беру ұйымдары) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім басқармаларында, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Төтенше жағдайлар департаменттерінде (бұдан әрі – ТЖД) білім алушылардың қатарынан құрылады.

3. «Жас құтқарушы» клубтарының (үйірмелерінің) мүшелері клубтардың (үйірмелердің) жұмысына белсенді қатысуға ниет білдірген 10 жастан 17 жасқа дейінгі білім алушылар бола алады.

4. «Жас құтқарушы» клубтарының (үйірмелерінің) мүшелігіне қабылдау үйірменің жалпы жиынында ауызша өтініш негізінде жүргізіледі. Барлық жаңадан қабылданған «Жас құтқарушылармен» ТЖД қызметкерлері арнайы сабақтар өткізеді. Оқу аяқталғаннан кейін жас құтқарушылар сынақ тапсырады және «Жас құтқарушы» клубтарының (үйірмелерінің) мүшесінің куәлігін алады.

5. «Жас құтқарушы» клубына (үйірмесіне) материалдық-техникалық базаны құруда оған практикалық көмек көрсететін қамқорлық ұйымдары, кәсіпорындар бекітіледі. Клуб мүшелерінің жалпы жиналысында оның атауы анықталады, клуб мүшесінің куәлігі, эмблемасы және айырым белгілері бекітіледі.

6. «Жас құтқарушы» клубтарының (үйірмелерінің) жұмысына басшылық жасау үшін жалпы жиналыстарда командирлер сайланады, сондай-ақ қажет болған

жағдайда олардың орынбасарлары сайланады.

7. Білім беру ұйымының басшылығы педагогтар және/немесе тәрбиешілер қатарынан «Жас құтқарушы» клубымен (үйірмесімен) жұмыс істеу үшін қоғамдық ұйымдастырушыны таңдайды және бекітеді.

8. «Жас құтқарушы» клубымен (үйірмесімен) жұмысты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органдарының қызметкерлері жедел-құтқару жасақтарында, суда құтқару станцияларында, өрт сөндіру бөлімшелерінде, апаттар медицинасы орталықтарында жүргізеді, сондай-ақ сабақтар құтқару жабдығы мен арнайы техникасы бар басқа ұйымдарда да жүргізілуі мүмкін.

9. Практикалық сабақтар мен жарыстар өткізілгенге дейін «Жас құтқарушы» клубының (үйірмесінің) мүшелерімен нұсқама өткізу журналына қол қойғызып, қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқама жүргізіледі.

## 3-тарау. «Жас құтқарушы» клубы (үйірмесі) қызметінің негізгі бағыттары

10. «Жас құтқарушы» клубтарымен (үйірмелері) қызметінің негізгі бағыттары мыналар болып саналсын:

төтенше жағдайлар туындаған жағдайда тіршілік әрекеті қауіпсіздігі негіздері мен іс-қимылдарға оқыту. Төтенше жағдайларды жою кезінде қолданылатын құралдарды зерделеу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды болдырмауға арналған арнайы техникамен және керек-жарақтармен, байланыс құралдарымен танысу;

техникалық насихат құралдарын: мектеп радио тораптарын, қабырға газеттерін, фотомонтаждарды, жауынгерлік парақтарды, «Жас құтқарушы» бұрыштарын пайдалана отырып, тіршілік қауіпсіздігі негіздерін, төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі қағидалар мен шараларды, төтенше жағдайлар туындаған кезде жүріс-тұрыс қағидаларын сақтау бойынша жаппай түсіндіру жұмыстарына тарту;

құтқару спорты бойынша сабақтар мен жарыстар, конкурстар, олимпиадалар, викториналар, слеттер өткізу, үгіт бригадаларын ұйымдастыру, жарыстарға, экскурсияларға, жорықтарға, рейдтерге, шолғындарға, әскери - спорттық ойындар мен жастар фестивальдеріне қатысу.

құтқарушылардың ерліктері туралы баяндайтын мұражайлар мен ескерткіш орындарға бару, тарих және құтқарушылар туралы жаңа материалдар жинау, мектеп мұражайларында Жауынгерлік Даңк экспозициясын құру, төтенше жағдайлар органдарының еңбек сіңірген қызметкерлерімен және ардагерлерімен, құтқару спортының чемпиондары мен шеберлерімен кездесулер ұйымдастыру.

## 4- тарау «Жас құтқарушы» клубтарының (үйірмелерінің) жұмысын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулық



11. «Жас құтқарушы» клубтарының (үйірмелерінің) жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулықты ТЖД және білім басқармасы жүзеге асырады.

12. ТЖД және білім басқармалары:

үйірмелер жұмысын ұйымдастыруда білім беру объектілеріне әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді, жалпы білім беретін мектептердің оң тәжірибесін жинақтайды және таратады, төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға үйлестіреді және қатысады;

Төтенше жағдайлар кезінде жүріс-тұрыс қағидаларын ақпараттандыру бойынша жұмыс нысандары мен әдістерін дамыту және жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлейді, бұқаралық іс-шаралар ұйымдастырады, «Жас құтқарушы» үйірмелерінің үздік жұмыс тәжірибесін зерделейді және таратады»;

Білім басқармасы «Жас құтқарушы» клубтары (үйірмелері) практикалық сабақтарды өткізу үшін, ТЖД және басқа да мүдделі ұйымдар жергілікті жерлерде спорттық базалар, құрал-саймандар береді, мамандар, арнайы техника, жабдықтар мен жарақтар береді.